

**“Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі”  
КММ “Біртұтас тәрбие”бағдарламасы 2023-2024 оқу жылына  
арналған тәрбие жұмысының анализі**

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 1Қыркүйек Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені" атты салтанатты жиын өткізілді. 1сыныпқа қадам басқан бүлдіршіндеріміз әдеби монтаж және әндерін айтты. Ата - аналар мен ұстаздар тарапынан жылы лебіздер айтылып, құттықтады. Алғашқы қоңырау соғылу рәсімі болды. Биылғы 11 сынып түлектері бүлдіршіндерге сыйлықтарын табыстап, құттықтады.

<https://www.facebook.com/share/v/1FdEABqbe9/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша бүгін 1-қыркүйек-Білім күніне орай 1-11сыныптарда "Мектебім-мейірім мекені" атты сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1FhtMLq4qs/>

2023 жылдың 5 қыркүйегінде Ақмола облысы Білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде жалпықазақстандық ашық диктант өткізілді. Мектеп оқушылары, ұстаздар және қызметкерлер қатысты. <https://www.facebook.com/share/v/175pLz1JUr/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 08.09.2023ж. күні тіл мамандарының ұйымдастыруымен "Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ әліпбиінің негізін қалаушы" атты танымдық сағат өткізілді. 8,9,10 сынып оқушылары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/17JRv7M2x3/>

08.09.2023ж "Кеңбидайық ауылының ЖОББМ" КММ 1-11 сынып оқушылар арасында республикалық челлендж өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/19azJdJh25/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 2023жыл 6 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдері күніне орай "Менің таңдауым- қазақ тілі!" челленджі өткізілді. Жауапты Бирманова С.Б. <https://www.facebook.com/share/v/1CYK3g89Pm/>

"Төрт тоқсан -төрт өнер" Ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Ақындар айтысы" іс-шаралар жоспарына сәйкес " Бізді ақылды ететін кітап - дана" тақырыбында кітапханашы О.П.Боранбаева кітаптар керуенін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bcf6LCLaB/>

16.09.2023 Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің ұстаздары мен қызметкерлері ұйымдаса республикалық сенбілікке шықты. Мектеп аумағына, орталық көше бойына тазалық жұмыстары жүргізілді. Табиғат анамызды аялап жүрейік!

<https://www.facebook.com/share/p/1BMnGuJZia/>

11.09.2023 Отбасы күніне орай 3"а", 3"б" сыныбында "Отбасы күні" атты тәрбие сағаты өткізіліп, сурет байқауы ұйымдастырылды.

Оқушылар мақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды.

Ұйымдастырған: сынып жетекшілері- Даменова Л. К., Камиева Ұ. Ғ.

<https://www.facebook.com/share/p/1FWbvk52hY/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Ақындар айтысы" бөлімінің концепциясымен таныстырылымы өтті. Шара барысында жалпы "Айтыс" өнері жайлы ақпарат беріліп, күйдің сүйемелдеуімен 3D Презентация ұсынылды. Ұйымдастырған тіл мамандары: Бирманова С. Б., Утеулина А. Қ., Алиева Г. А.

<https://www.facebook.com/share/v/19iE6hAPk8/>

"Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша "Сөз зергері-өрнектеген өмірді" тақырыбында О. П. Боранбаева, С. Б. Бирманова портреттік кеш ұйымдастырды. Ақиық ақындардың портреттерінің тұсына QR код қою арқылы әлеуметтік желідегі айтыс өнерін тамашалау мүмкіндігімен ерекшеленді.

<https://www.facebook.com/share/p/1AKDNWWyha/>

20 қыркүйек өткен Республикалық балалар оқуы байқауына 8-10 сынып оқушылары қатысып, алғыс хаттар мен Жақанова Мерей 3 орын, Нұрсерік Ақниет 3 орын иеленді. Жауапты: О. П. Боранбаева, Г. А. Алиева, Дайындаған жетекшісі А.Қ.Утеулина құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/p/1BFpRfKJEw/>

Республикалық "Ақберен" байқауының аудандық кезеңіне 9 бен 10-сынып оқушыларынан 4 оқушы қатысып, Қуаныш Дильназ алғыс хатпен, Нұрболат Аяла -көркем сөз оқу номинациясы бойынша 2-орын, Нұрсерікқызы Ақниет- шешендік білгірлер номинациясы бойынша 1-орын және облысқа жолдама иеленді. Жетекшісі: Алиева Г.А. Жақанова Мерей -ақындар мүшайрасы номинациясы бойынша 1-орын және облысқа жолдама алды. Жетекшісі: Утеулина А.К.

<https://www.facebook.com/share/p/18rpVZ1CEv/>

Тіл мамандарының ұйымдастыруымен: Алиева Г. А., Бирманова С. Б., Бекжолдасова Г. Ж., Утеулина А. Қ. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Үштілділік-заман талабы" тақырыбында тілдер апталығының салтанатты ашылуы болды. Шара барысы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіліп, әдеби монтаж, мәнерлеп оқу, патриоттық ән орындалды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BRwtRCbQ2/>

"Дебат" клубының жетекшісі Г. О. Беилованың ұйымдастыруымен "Төрт өнер-төрт тоқсан" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша "Жаңа Қазақстандағы ақындар

айтысының дамуы" тарыбында пікірталас (дебат) өткізілді. Пікірталасқа 9,10,11 сынып оқушылары қатысып, 4 команда, 2 кезеңнен тұрды. Марапаттау "Аудандық кезеңге жолдама", 1,2,3 орындармен қорытындыланды.

<https://www.facebook.com/share/v/1E8HqFk9c6/>

2023 жылдың 28 қыркүйегінде Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Төтенше және төтенше жағдайлар кезінде балаларды қорғау фактілеріне әрекет ету" бойынша ақпарат беріліп, практикалық түрде ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/share/v/19tjAPwZRC/>

2023 жылдың "Ұстаздар күні" қарсаңында мектебіміздің неміс, орыс ұлтты оқушыларымыз ұстаздарын мерекемен құттықтай отырып, алғыстарын білдіріп, челленджге қатысты. Сондай-ақ О.П.Боранбаева құттықтау буклетін көрмеге ұсынды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BRxzX7EFj/>

10 қадам сабақалды жағымды көңіл күй сыйлау мақсатында "Үштілділік-заман талабы" тілдер апталығында С. Б. Бирманова, Г. Ж. Бекжолдасова сергіту сәтін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BEV9Q5ice/>

"Үштілділік-заман талабы" тілдер апталығында "Сиқырлы шар" қазақ, орыс тілдері бойынша жасырылған сұрақтарға жауап беріліп, сыйлықтар үлестірілді. <https://www.facebook.com/share/v/17Witk43Lt/>

"Үштілділік-заман талабы" тілдер апталығында 5-11 сынып аралығында QUIZ сайысы өткізілді. Ұйымдастырған А.Қ.Утеулина.

<https://www.facebook.com/share/v/17K5Q5tzpZ/>

"Төрт өнер-төрт тоқсан" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша "Үштілділік-заман талабы" тілдер апталығының "Шабытым менің пырағым" атты шығармашылық кешін өткізген Г. А. Алиева

<https://www.facebook.com/share/v/1AK2fWegDN/>

"Тілі бірдің—тілегі бір" Қазақстан халқы тілдері күніне орай Р. К. Матаева, Ш. М. Шопанова, өзін-өзі басқару ұйымы сыныптан тыс жұмысын өткізді. Қатысушы 1-11 сынып оқушылары, өнерлерін ортаға салып, сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CgzVBakQ7/>

2023 жылдың 28 қыркүйегінде "Тәрбиесіз білім-адамзаттың қас жауы" атты жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: 1) "Отбасы-бақыт мекені"- баяндама әлеуметтік педагог; 2)Мектепішілік тәртіп ережелерімен таныстыру; 3)Әр түрлі мәселелер. <https://www.facebook.com/share/p/1CqibT2ohc/> \

Әлеуметтік педагог- С. А. Исакова, мектеп психологы- Л. К. Даменова, тәлімгер- Ш. М. Шопанова "Отбасылық құндылықтар "

тақырыбында ата-аналармен жұмыс түрін жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1KyxZyPq49/>

2023 жылдың 12 қазанында "Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша Кеңбидайық ауылының ЖОББМ музыка пәнінің мұғалімі Қ. Ғ. Құсайын 4"а" сынып оқушыларымен "Домбырам меніменен егіз бе едің?" тақырыбында сыныптан тыс жұмысын жүргізді.

Мақсаты: Домбыра аспабында ойнау күні, домбыра аспабын ұлықтау. <https://www.facebook.com/share/v/163dX7tiED/>

"Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 11 "а" сынып оқушылары баршаңызды 25-қазан "Республика күнімен" құттықтайды! Сынып жетекшісі Беилова Гүлбаршын Отарбаевна!

<https://www.facebook.com/share/v/1BHXoWzYXh/>

Республика күні қарсаңында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бастауыш сынып аралығында "Аяулы алтын күз" сайысы өткізілді. Сайыс барысы ата-ана, ұстаз, оқушы бірлескен жұмысының айқын көрінісі болды. Республикамыздың көркеюіне үлес қосар, бүгінгі ұрпақ! <https://www.facebook.com/share/v/177GDhGsQT/>

"Республика күні" қарсаңында 2023жылдың 21қазанында "Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі"коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президентінің сайлауы өтті. Тәлімгер-Ш. М. Шопанованың жетекшілігімен сайлауалды дайындық, жоспар құру, үміткерлердің үгіт-насихат жүргізу жұмыстарының нүктесі қойылған күн болды. <https://www.facebook.com/share/v/1EukP34xps/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 7- сынып оқушыларының "25 қазан Республика күніне" арналған тәрбие сағаты. Сынып жетекшісі Ә. **Алемгуль Ермурат**

<https://www.facebook.com/share/v/1B7x1MBcec/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 11- сынып оқушыларымен "25 қазан Республика күні" мерекесіне тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Беилова Гульбаршын Отарбаевна

<https://www.facebook.com/share/v/1AzTM5DZQe/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 1"а" және 4 "а" сыныптарында 25-қазан "Республика күні" мерекесіне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшілері: Ш. К. Ескендірова Шынар Каирбековна, Мұстафа Ләззат Ғабиденқызы.

<https://www.facebook.com/share/v/19unaxxDDn/>

25 қазан Республика күніне орай “Әнұран” орындау челленджі

<https://www.facebook.com/share/v/19MUFZW1hg/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 5"а" және 6"а" сыныптарында 25 қазан "Республика күні" мерекесіне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшілері: Алиева Гульжайна Амамбаевна, Утеулина Айдана Қарлығақызы.

<https://www.facebook.com/share/v/17J71ect12/>

2023 жылдың 24 қазанында Республика күніне орай "Республика ерікті ел- Қазақстан" тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Қатысушылар: ұстаздар, қызметкерлер, 1-11 сынып оқушылары.

<https://www.facebook.com/share/v/174GgxA1XT/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша "Ұлттық киім күні" ұлттық құндылықты насихаттау мақсатында челлендж өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1CS6AKMct5/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткізілген мектеп парламентінің президентін сайлауы нәтижесінде 95% дауыс жинаған 9 сынып оқушысы Ашукен Ернар Ғалымұлы. Бүгінде әнұран орындалып, ант беріп мектеп президентінің ұлықтауы болды. Алдағы уақытта жоспары бойынша мақсатына жетіп, оң нәтиже болатынына сеніміміз мол!

<https://www.facebook.com/share/v/19nEqjzK2N/>

Ағымдағы жылы 27 қазанда Қорғалжын ауданы ТЖБ және №15-ӨСБ-нің қызметкерлері Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің объектілердегі өрттерге жол бермеу және уақытылы ден қою тапсырмасына сәйкес Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылар мен қызметкерлерді эвакуациялап түсіндірумен оқу-жаттығу өткізілді. Бұл оқу жаттығуды өткізу мақсатымыз оқушылармен мен қызметкерлердің төтенше жағдайлар кезінде кезіндегі іс-әрекеттерін және өрт қауіпсіздік ережесінің талаптарын түсіндіру болып табылады. Сонымен қоса, жылу беру маусымында тұрмыстағы өрт қауіпсіздік ережесінің талаптарын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды.

<https://www.facebook.com/share/v/19YSdy1Tkx/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ мектеп оқушыларының күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында "Отбасылық дәстүрлер" тақырыбында 7"а" сынып ата - аналар жиналысы өткізілді. Сынып жетекшісі Ермұрат Әлемгүл.

<https://www.facebook.com/share/p/16HhBF3HGW/>

Мектеп оқушыларының күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында 7"а" сыныбы "Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр" тақырыбы аясында, игі іс жасау мақсатында суық ауа райында ауылымызда мешіт салып жатқан құрылысшыларға ыстық шай, тамақ апарып қайтты. Ұйымдастырған сынып жетекшісі Ермұрат Әлемгүл.

<https://www.facebook.com/share/p/16nfHZmJuD/>

Мектеп оқушыларының күзгі демалыс уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында 7"а" сынып оқушылары "Балалар кітапханасы" жобасы аясында ауылдық кітапханаға барды.

Ұйымдастырған сынып жетекшісі Ермұрат Әлемгүл.

<https://www.facebook.com/share/p/1EkigAbqUj/>

Мектеп оқушыларының күзгі демалыс уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында 6"а" сыныбы "Демалыс күндерім" атты видеоролик түсірді. Ұйымдастырған сынып жетекшісі Утеулина А. Қ. <https://www.facebook.com/share/v/1FGThsngyZ/> Кеңбидайық ауылының ЖОББМ оқушылардың уақытын тиімді өткізу әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектеп кітапханашысы О. П. Боранбаева, 3-7 сынып аралығында "Читаймер" тақырыбында жылдамдыққа оқу бойынша сайыс ұйымдастырды. Нормаға сай сөз саны және мазмұндау бойынша марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/16mFVYJgLu/>

"Угадайка" по страницам любимых сказок во время осенних каникул. Проводила школьная библиотекарь О. П. Боранбаева

<https://www.facebook.com/share/p/17MVS3XSsR/>

Тақырыбында оқушылардың уақытын тиімді өткізу әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектеп кітапханашысы О. П. **Боранбаева** еркін тақырыпта "Оқу сағатын" ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/17K7jHq8Js/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ мектеп оқушыларына интернет алаяқтықтың алдын алу бойынша видеоролик көрсетіліп, ақпараттық сағат өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/19oFgRCtCs/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Ұлттық валютаның 30 жылдығына орай мектеп кітапханашысы О. П. Боранбаеваның ұйымдастыруымен фотокөрме қойылды.

<https://www.facebook.com/share/p/16wzBPkC3m/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Ұлттық валютаның 30 жылдығына орай тәлімгер Ш.М.Шопанова және мектеп парламентінің мәдениет және спорт бөлімі қабырға газетін ұйымдастырды.



"Жол жүру қауіпсіздігі" апталығына орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша "Қамқор ана" фотобайқауы өткізілді. Акция аясында ата-аналардың ұйымдастыруымен кешқұрым уақытта сабақтан шығатын оқушылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қараңғыда көрінетін жарық көрсеткіш әсері бар маталардан сөмкеге, сырт киімге, аяқ киімдеріне жабыстырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CQ1LuhkqJ/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебінде "Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік" тақырыбында пікірталас өтті. Ұйымдастырған дебат жетекшісі Г.О.Бейлова және мектеп парламентінің "дебат қозғалысы" бөлімі.

<https://www.facebook.com/share/p/1FS3RYdGfS/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 1-11 сыныптың қатысуымен "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Ұйымдастырған аға тәлімгер Ш. М. Шопанова

<https://www.facebook.com/share/p/1A3WQsSRxJ/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағы бойынша А. Қ. Утеулина жоспарға сәйкес "Ақыл айтпа, жол көрсет. Жасөспірімнің бейімделуі" тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/19NB26MGEZ/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағы бойынша Г.А.Алиева жоспарға сәйкес "Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті тәрбие" тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1ZQPnVKTRs/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ темекі шегуге қарсылық мазмұнында жалпы мектеп оқушыларының қатысуымен флешмоб өткізілді. Ұйымдастырған аға тәлімгер Ш. М. Шопанова және мектеп парламенті.

<https://www.facebook.com/share/v/1Gd4wHzCWy/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Сыздықов Т.О. оқушыларға өрт кезіндегі іс әрекет бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізілді. Плакатта көрсетілген қосымшаның көмегі арқылы 4D анимациясы көрсетілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17Pp16wVN2/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша 6 сынып оқушыларына сынып жеткешісі А. Қ. Утеулина буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары бойынша тәрбие сағатын өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1BAPvNPj8X/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ аға тәлімгер Ш. М. Шопанова 19 қараша-Халықаралық темекі шегуге күрес күніне орай "Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз" атты тәрбие сағатын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CZuYrwgFf/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" мазмұнына сәйкес 1-4 сынып аралығындағы ата-аналарға "Отбасы-бақыт бесігі" тақырыбында сабақ өткізді. Тақырыбы кең ауқымда ашылып, өз мақсатына жетті. Ұйымдастырған бастауыш сынып мұғалімдері: Ескендирова Ш. К., Мусина А. Қ., Мұстафа Л. Ғ., Камиева Ұ. Ғ., Даменова Л. К.

<https://www.facebook.com/share/v/17KLvhUW6u/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша "Төрт өнер- төрт тоқсан" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Алтын сақа" бөлімі, "Қараша айы-ұлттық ойындар" негізінде 5-7 сынып оқушылары арасында "асық ату", "бес асық", "қол күрес", "арқан тартыс" т.с.с. ұлттық ойындары өткізілді. Ұйымдастырған дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері: Утеулин М. Ж., Бейлов А. О., Құсайын Қ. Ғ.

<https://www.facebook.com/share/v/1Ce6q64U2J/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ мектеп кітапханашысы О. П. Боранбаева 1"а" сынып оқушыларына кітапты қолдану тәртібі мен кітапханашы мамандығы жайлы әңгіме жүргізді. Оқушылар түрлі кітаптармен танысып, қызуғышылықтарын білдірді. Қорытынды бөлімде оқушыларға сыйлықтар ұсынылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1A7B2w3eSn/>

2023 жылдың 1 желтоқсан-дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай мектеп медбикесі Г. Т. Даменова мен аға тәлімгер Ш. М. Шопанованың ұйымдастыруымен ақпараттық-лекция оқылды. Оқушылармен диалог құрып, пікір алмасты.

<https://www.facebook.com/share/p/1Vd1mxcA21/>

Мектеп парламенті мен аға тәлімгер Ш. М. Шопанованың ұйымдастыруымен 1-11 сынып аралығында "Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес" тақырыбында сурет көрмесі қойылды.

<https://www.facebook.com/share/v/19TdWeXMrw/>

Мектеп кітапханашысы О. П. Боранбаеваның ұйымдастыруымен кітап оқу кеңістігінде Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай буклет қойылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BgZ2AUQBQ/>

ӘАТД жетекшісі Т. О. Сыздыков "Отан қорғау профессиясы бар" тақырыбында ақпараттық бұрыш ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1B17kvNmdF/>

"Менің кіші Отаным" байқауына қатысып "Ауыл - ел бесігі" тақырыбында 3 орынды иеленген 10 сынып оқушысы Айдарбек Жантөре мен мектеп парламентінің бірлесіп жасаған бейне жұмысы.

<https://www.facebook.com/100073010441786/videos/817381176861318/>



"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Тоғыз айда тоғыз іс-шара" жобасы негізінде "Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім бететін мектебі" КММ 5-11 сынып аралығындағы оқушылардың қатысуымен "Болашаққа хат" тақырыбында шығарма жазылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1FdorHd6LJ/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Тәуелсіздік мерекесіне орай 4 "а" сыныбымен "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі Ш.К. Ескендірова

Мақсаты: оқушыларды тарихпен таныстыра отырып тәуелсіздіктің қасиетін ұғындыру, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1GebndRAPv/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Тәуелсіздік мерекесіне орай 1 "а" сыныбымен "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі Мұстафа Л.Ғ.

Мақсаты: "Тәуелсіз ел" ұғымын қалыптастыру, жұмыс барысында елжандылыққа баулу, ұлттық ойынды дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1KBqqoBPuK/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 32 жыл толуына орай "Ұлттық рух-Тәуелсіздік тірегі" атты салтанатты жиын өткізді. Мемлекеттік Әнұран шырқалып, мектеп директоры Е. О. Қалдыбаев пен маслихат депутаты Ж. М. **Шопанова** жиын қатысушыларына құттықтау сөзін арнады. Шара барысы "шашу биі", "әдеби монтаж", "Патриоттық ән" ХОР, ұлттық ойынды дәріптейтін "асық биімен" көркемделді. Жиынды жүргізген ТЖҰ, мектеп парламенті.

<https://www.facebook.com/share/v/1CDo78QhoZ/>

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында 5 "а, 6 "а", 7" а" сынып аралығында "Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!" тақырыбында эстафеталық жарыс өткізілді. Сайыс жалпы 12 кезеңнен тұратын қызықты ойындар мен көңілді сәттерге толы болды. Сынып жетекшілер ұйымдастырып өткізген мектеп парламенті, Алиева Г. А., Утеулина А. Қ., Ермұрат Әлемгүл.

<https://www.facebook.com/share/v/1YTCdpV5Aq/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Тәуелсіздік күніне орай 9 "а" сыныбымен "Ұлттық рух- Тәуелсіздік тірегі" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ауған соғысының ардагері Абдыкалыков Х., мектеп директоры Қалдыбаев Е.О., маслихат депутаты Шопанова Ж. М., сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы Қаппар Ж. Ж. қатысты. Сабақ барысы әсерлі әуенімен, мың бұралған биімен, мәнерлі өлең жолдарымен айшықтанды. Тәрбие сағатын өткізген сынып жетекшісі **Ибраева** Бану Өмірқұлқызы.

<https://www.facebook.com/share/v/1A1hnQvcVw/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ ҚР Тәуелсіздік күніне орай "16 ЖЕЛТОҚСАН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ" тақырыбында мектепалды даярлық тобы мен 3 "а, 3" "б" сыныптары тәрбие сағатын өткізді. Сынып жетекшілері Касенова Г. Т., Камиева Ұ. Ғ., Даменова Л. К.

<https://www.facebook.com/share/v/1EFXjGqRv2/>

2023 жылдың 22 желтоқсанында 1 "а" сыныбында "Қош бол, әліппе" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі Мұстафа Ляззат Ғабиденқызының ұйымдастыруымен оқушылар тақпақ айтып, ән шырқап, би биледі. Әр оқушы мектеп директорының мадақмата қағазымен марапатталды. Ата-аналар мен ұстаздар қатысып, тілек-алғыстарын жаудырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1FqjvTLxer/>

2023 жылдың 25 желтоқсан күні Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде "Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының" ұйымдастыруымен "Болашақтың рухы биік жастары" атты аудан мектептері оқушылары арасында өткен КТА ойындарында "Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ "Жалын" құрама командасы өнер көрсетіп, мадақтама қағазымен марапатталды. <https://www.facebook.com/share/p/19gtkUULS7/>

2023 жылдың 28 желтоқсан күні бастауыш, орта және жоғары буын оқушыларына арналған "Қош келдің, жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Кешті жүргізген ТЖҰ, мектеп парламенті.

<https://www.facebook.com/share/v/17EzTKLosH/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебінде желтоқсанның 27 күні "Қоғамдық тәртіп негіздері" тақырыбында пікірталас өтті. Ұйымдастырған дебат жетекшісі Г.О.Бейлова, аға тәлімгер Ш.Шопанова және мектеп парламентінің "дебат қозғалысы" бөлімі.

<https://www.facebook.com/share/p/17NpcBUtD1/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебінде 2024 жылдың 11 қаңтар күні "Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер" тақырыбында пікірталас өтті. Ұйымдастырған дебат жетекшісі Г.О.Бейлова, аға тәлімгер Ш.Шопанова және мектеп парламентінің "дебат қозғалысы" бөлімі. [https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid037Mfv7HnY2ydi45n28Bi9kCPEP7cnXW4v94XQPSfy p4NzUsQvCTbMccFD2bk4L3AKl&id=100073010441786](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid037Mfv7HnY2ydi45n28Bi9kCPEP7cnXW4v94XQPSfy p4NzUsQvCTbMccFD2bk4L3AKl&id=100073010441786)

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті жұмысы жүргізілді. 5-9 сынып ата-аналары үшін "Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу" тақырыбында Әлемгүл Ермұратқызы мен Салтанат Базарбаевнаның ұйымдастыруымен сабақ өткізілді. <https://www.facebook.com/share/v/1AAG28DCtJ/>  
"Қазақ есебі" челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадильдаев Асқар Серқұлұлының авторлық есептерін шешуге арналады.

Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.

Ұйымдастырған Кеңбидайық ауылының ЖОББМ математика пәнінің мұғалімдері Ә. Ермұрат, Б. Ибраева.

<https://www.facebook.com/share/p/1AscCM6iUj/>

2024 жылдың 31 қаңтар күні Кеңбидайық ауылының ЖОББМ Республиканың жалпы білім беру ұйымдары 8-11 сынып оқушыларының арасында "Мәшһүр-Жүсіп оқулары" атты байқаудың аудандық кезеңі өтті. Аудан оқушылары I бағыт "Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген", II бағыт "Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы", III бағыт "Білімді зерек адам бол!", IV бағыт "Мәшһүр-Жүсіп шығармалары және "Ұлы даланың ұлы есімдері" бойынша сайысқа түсті. Байқау марапаттаумен қорытындыланып, I орын иелеріне облысқа жолдама берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/19KBt5eEEL/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингінің алдын алу мақсатында ата-аналармен кеңейтілген жиын өткізілді.

Күн тәртібінде талқыланған мәселелер:

1. Баяндама «Жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінездің алдын алу» педагог-психолог- Мусина А.Қ.

2. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингінің алдын алу» оқыған Қорғалжын аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері - Тұрсынова А.А

3. «Буллинг және интернет алаяқтары» полиция лейтенанты - Саден Айтолқын Төлеутайқызы

4. Әртүрлі мәселелер.

<https://www.facebook.com/share/p/17FCkXEB2G/>

"Досболайық" акциясы аясында мектеп оқушылары үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында қазақша ламбада биледі.

Ұйымдастырған мектеп парламентінің "мәдениет" бөлімі және педагог-психолог А. Қ. Мусина.

<https://www.facebook.com/share/v/1GQACiaVdW/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ оқушылардың қысқы каникул уақытын тиімді өткізу әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектеп оқушыларының қатысуымен "Сүйікті ертегі кейіпкерлері" тақырыбында сурет салу сағаты өткізілді. Мектеп кітапханашысы Боранбаева О. П. <https://www.facebook.com/share/p/1Co6pEvaSr/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ оқушылардың уақытын тиімді өткізу әрі тұлғалық дамыту мақсатында ертегі желісінде кейіпкерлерге бетперде қолөнер жұмысын жасады. Ұйымдастырған мектеп кітапханашысы Боранбаева О. П.

<https://www.facebook.com/share/p/1FrByz5Y33/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 2024 жылдың 06 қаңтарында 7-11 сынып аралығында "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбында аға тәлімгер және медбике әңгіме жүргізді. Оқушылар пікірлерімен бөлісіп, кері байланыс орнатты.

<https://www.facebook.com/share/p/1B7K1gopor/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ педагог-психолог А.Қ.Мусинаның бастауымен "Досболlike" акциясы аясында ұстаздар, оқушылар, қызметкерлердің қатысуымен "Достық және мен" тақырыбында іс-шара өткізілді. <https://www.facebook.com/share/v/17VFgfjBq/>

Ағымдағы жылдың 28 ақпанында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ ұстаздары, ата-аналары және оқушылары "Ақмола жұлдыздары 2024" өнер байқауында сайысқа түсіп Қорғалжын мәдениет үйінен келген қонақтарымызға өнер көрсетті. Тақырыбы: Біржан салдың 190 жылдығы, Балуан Шолақтың 160 жылдығы, Ақмола облысына 85 жыл. <https://www.facebook.com/share/v/1BLC5Cxmmm/>

“Алғыс айту парызым” челленджі

<https://www.facebook.com/share/v/17SLQeWD37/>

1-наурыз Алғыс айту күні қарсаңында Ауған ардагері-Абдыкалыков Хамидолла ағамыздың қатысуымен "Ауған ардагерлеріне мың алғыс" атты әскери-спорттық сайыс өткізілді. Сайыскерлер 9,10,11 сынып оқушыларынан жасақталған 2 топ, 5 кезеңнен тұрды. Байқау соңы қорытындыланып, марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1B36LuhMep/>

4 сынып оқушылары Алғыс айту күніне орай өткізілген тәрбие сағаты. Сынып жетекшісі Ескендирова Ш. Қ.

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid0bk1vGBrTubfGuBmsnMSiTgnnikn8424rdqTYkQp8SXfYbfz7EPdmfzv3wKKxvHPEl&id=100073010441786](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0bk1vGBrTubfGuBmsnMSiTgnnikn8424rdqTYkQp8SXfYbfz7EPdmfzv3wKKxvHPEl&id=100073010441786)

3 "б" сынып оқушылары Алғыс айту күніне орай өткізілген тәрбие сағаты. Сынып жетекшісі Даменова Л. К.

<https://www.facebook.com/share/v/19gp86ASAN/>

3 "а" сынып оқушылары Алғыс айту күніне орай өткізілген тәрбие сағаты. Сынып жетекшісі Камиева Ұ. Ғ.

<https://www.facebook.com/share/v/175HMnXbfs/>

Алғыс айту күні қарсаңында "Балбұлақ" шағын орталығының тәрбиеленушісі "Алғыс айтып үйренеміз" бейнеролик жұмысы.

<https://www.facebook.com/share/v/1FSjgJBFr5/>

Алғыс айту күні қарсаңында 5,6,7, сынып оқушыларымен өткізілген тәрбие сағаты. Өткізген аға тәлімгер Шопанова Ш. М.

<https://www.facebook.com/share/v/19rMtA2LPt/>

Құрметті нәзік жанды асыл жандар, көктемнің шуақты күнінде келіп жеткен "8-наурыз Халықаралық әйелдер күні" мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/v/1CuTNU7wSx/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 14-Наурыз "Көрісу күні-амал мерекесіне" орай танымдық сағат және мерекелік жәрмеңке өткізді. <https://www.facebook.com/share/v/1B2Me1tb39/> "Наурызнама" тұжырымдамасы негізінде 15-наурыз Қайырымдылық күніне орай "Қазақстан халқына" Қоғамдық қорының қайырымдылық жобасы бойынша Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебіне "Жаздық жолдама-2024" жолдамасын 2 оқушыға Кеңбидайық ауылдық округінің әкімі **Абышев** А.Қ. мектеп басшысы Е. О. Қалдыбаевқа табыстады.

<https://www.facebook.com/share/p/1758E9xYU4/>

"Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 16-наурыз "Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр" күніне орай бастауыш сыныптары мектеп мұражайына экскурсия жасады. Гид Шопанова Ш. М.

<https://www.facebook.com/share/p/1CrkotFoSv/>

"Ақмола жұлдыздары" өнерпаздар байқауының іріктеу кезеңінен өткен Кеңбидайық ауылының ЖОББМ оқушылары және ата-анасы Кеңбидайық ауылдық округінің атынан К. Күмісбеков атындағы Қорғалжын аудандық мәдениет үйіндегі гала-концертте өнер көрсетіп келді. <https://www.facebook.com/share/v/14GaT2wYqjW/> "Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 17-наурыз "Шаңырақ күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 9-сынып оқушысы Сүлейменов Мұхамедәлінің ата-әжесі, биылғы жылы отасқанына 70-жыл толып отырған Қабыкен ата мен Төкен әжені Кеңбидайық ауылдық округінің әкімдігі мен мектеп әкімшілігі құттықтады!

<https://www.facebook.com/share/v/1GxmBoipZV/>

"Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 17-наурыз "Шаңырақ күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 9-сынып оқушысы Алимгазиева Шолпанның ата-әжесі, биылғы жылы отасқанына 55-жыл толып отырған Ержан ата мен Рысжан әжені Кеңбидайық ауылдық округінің әкімдігі мен мектеп әкімшілігі құттықтады!

<https://www.facebook.com/share/v/1AeNUzZzke/>

"Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 18-наурыз "Ұлттық киім күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ оқушылары, ұстаздары, қызметкерлері, "Балбұлақ" ш/о жаппай ұлттық киім киді.

<https://www.facebook.com/share/v/1LNyq35Kq3/>

2024 жылдың 18 наурызында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Наурызнама" тұжырымдамасына сәйкес "Ұлттық киім күніне" орай оқушылар, ұстаздар, қызметкерлер, "Балбұлақ" ш/о жаппай ұлттық киім киді. <https://www.facebook.com/share/p/16azQ7DnCb/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ мектеп оқушылары мен АӨТД оқытушысы

Т. О. Сыздықовтың ұйымдастыруымен Ақмола облысы бойынша жоспарға сәйкес Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай өткізілген іс-шара өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17FqxM4exQ/>

"Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 19-наурыз "Жаңару" күніне орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Мемлекет дамуындағы жаңа кезең" тақырыбында пікірталас өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1CdfC6HsFw/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 2 сынып оқушылары "Қамажай" биімен. <https://www.facebook.com/share/v/14JteEotQ2s/>

Әншуақ фестиваліне қатысып отырған 1-сынып "Оркестр" әнімен

<https://www.facebook.com/share/v/19kP4LUCVP/>

Наурыз мерекесіне арналған "Күй күмбірі" республикалық домбырашылар челленджіне Кеңбидайық ауылының ЖОББМ ата-анасы Дулатхан Жолдыбай ағамыз Секен Тұрысбектің "Көңіл толқыны" күйімен қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/1GMhQWZMEt/>

"Наурызнама" тұжырымдамасына сәйкес 20-наурыз "Ұлттық спорт" күніне орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ мектеп оқушылары арасында арқан тартыс, теңге ілу, түйе палуан, аударыспақ, оқтау тартыс, бел тартыс, асық ойындары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1CMKjBcpdf/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 11-сынып оқушылары Наурызнама тұжырымдамасы бойынша 21-наурыз "Ынтымақ күніне" орай баршаңызды Ұлыстың ұлы күні НАУРЫЗ мейрамымен құттықтайды! <https://www.facebook.com/share/v/1A4gtgtd5W/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бастауыш сыныптары және мектеп жанындағы "Балбұлақ" шағын орталығының, даярлық тобының қатысуымен "Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша 22-наурыз "Жыл басы" күніне орай "Қош келдің Наурыз" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушылар мен ата-ананың қатысуымен ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тыйым сөздер, ұлттық ойындар және өнер көрсетілді. Әділ-қазылардың шешімімен "үздік" деп танылған сыныптар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BYTz1UJBb/>



Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 5-11 сынып аралығында "Наурызнама" тұжырымдамасы бойынша "Қош келдің Наурыз" атты мерекелік қойылым өтті. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттай отыра, ұлттық ойындарды дәріптеп, өнер көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/16KgqdaKu1/>

2024 жылдың 23-наурызы "Наурызнама" тұжырымдамасына сәйкес "Тазару күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ қызметкерлері мектеп алдын қардан, мұздан тазарту жұмыстарын жасады. <https://www.facebook.com/share/p/16yAirRQaV/>

Оқушылардың көктемгі демалысын тиімді өткізу әрі тұлғалық дамыту барысында "Жалпы орта білім беретін мектептері үшін көктемгі демалыс жоспарына" сәйкес ұлттық тағамды насихаттау мақсатында

қарсаңында 7-8 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Отбасы күніне" орай "Бауырсақ-PARTY" өткізілді. Бауырсақ - әр қазақтың дастарханынан табылатын басты ұлттық тағамдардың бірі. Ұлттық дәмді ұлықтайық!!! Бабалар аңсаған ұлт болу үшін ұлттық мерекелерімізді, тағамдарымызды дәріптейік.

<https://www.facebook.com/share/v/17BAQrrHhL/>

Оқушылардың демалыс уақытын тиімді пайдалану әрі тұлғалық дамыту бойынша 1-мығып оқушыларымен "Оқу мен жазу мәдениеті" тақырыбында оқу сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі Мұстафа Ляззат Ғабиденқызы.

<https://www.facebook.com/share/v/1BESSAiJqi/>

Оқушылардың демалыс уақытын тиімді пайдалану әрі тұлғалық дамыту барысында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 4-сынып оқушылары "Табиғат" күніне орай сурет көрмесін және гүл күтімі челленджін өткізді. Сынып жетекшісі Ескендірова Шынар Каирбековна <https://www.facebook.com/share/v/1XnQo2t4qT/>

Оқушылардың демалыс уақытын тиімді пайдалану әрі тұлғалық дамыту барысында

"Халықаралық үстел үсті ойыны күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 10-11 сынып оқушылары арасында домино, шахмат, шашки ойындарынан сайыс өтті. Төрешілер: А.Ермұрат, Г.А.Алиева. Ұйымдастырған: Баймұратова Б. Қ., Беилова Г. О.

<https://www.facebook.com/share/v/19mgTJVU97/>

Оқушылардың демалыс уақытын тиімді пайдалану әрі тұлғалық дамыту барысында "Белсенді спорт күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 5-6 сынып оқушылары арасында "Ұлттық ойын-ұлт игілігі" тақырыбында сайыс өтті. Ұмыт болған және қазіргі қолданыстағы ұлттық ойындар ойналды. Өткізген: А. Қ. Утеулина, М. Ж. Утеулин <https://www.facebook.com/share/v/1683RmT791/>

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 1-11 сынып аралығында 1-сәуір күні "Құстар-біздің досымыз" атты тақырыпта буклет, сурет және қолөнер көрмесі қойылды. Ұйымдастырған аға тәлімгер Шопанова Ш. М., мектеп кітапханашысы Боранбаева О. П.

<https://www.facebook.com/share/p/1BMAXUeWqK/>

2024 жылдың 2- сәуірінде "Халықаралық балалар кітабы күніне" орай мектеп кітапханашысы О. П. **Боранбаева** кітап көрмесін ұйымдастырды. <https://www.facebook.com/share/p/19cG92ak8q/>

"Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың қалыптасу мәдениеті және сапасын ұйымдастыру" бойынша «Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі арқылы жеке кәсіпкер Айгүл Алтайбаевамен келісім шартқа отырылып, бүгінгі таңда 67 оқушы тегін ыстық тамақтанумен қамтылған. Оның ішінде әлеуметтік топтағы-50 оқушы, 26 отбасыны (21 көп балалы, 2 аз қамтылған, 3 жалғыз басты) және 1-4 сынып аралығында әлеуметтік топқа енбейтін жалпыға бірдей білім беру қорындағы 17 оқушы, 10 ата-ананы құрайды. Ыстық тамақпен қамту үшін ауыл әкімдігінен отбасы анықтамасы алынып, ата-аналары мектеп директорының атына өтініш жазып тапсырды. Тамақтанатын оқушылардың отбасы жағдайы қамқоршылық кеңесінде қаралып, жеке акт қағазы толтырылды. Тоқсан(квартал) сайын жаңадан ыстық тамақтану бойынша бракеражды комиссия, қамқоршылық кеңесінің қаралымымен жаңа тізім құрылып отыр.

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid02QsDYqtKrY4pJRYBFePwK4TY1ZkHT5jDmGHfMXQSSVRdTrVo6FQ1z2vwBdTod5bAnl&id=100073010441786](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02QsDYqtKrY4pJRYBFePwK4TY1ZkHT5jDmGHfMXQSSVRdTrVo6FQ1z2vwBdTod5bAnl&id=100073010441786)

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 4-сынып оқушысы Сағидолла Айарудың орындауында "Ата-әже" әнімен "Әншуақ" балалар ән байқауына қатысып отыр. Лүпіл басып, пікір жазып, дауыс беріңіздер!!! <https://www.facebook.com/share/v/1QHrtDH8Jj/>  
Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ар-ұят құндылығына негізделген "Отбасындағы балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылық" тақырыбында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 9-10 сыныптардан құралған "дебат қозғалысы" үйірмесінің қатысуымен WSDC (world schools debating championship) форматында пікірталас өткізілді.

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 2024 жылдың 12- сәуір күні "Шахмат ойнау" челленджі өтті. Өткізген Ермұрат Ә., АӘТД оқытушысы және дене тәрбиесі мұғалімдері

<https://www.facebook.com/share/p/19zkFCkGXj/>

Биылғы оқу жылының соңғы айы "Мамыр-ынтымақ айы" айлығы деп аталған болатын. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша "Талап" құндылығы негізінде 3 мамыр күні "Таза Қазақстан" челленджіне 1-11 сынып оқушыларының, сынып жетекшілердің, ата-аналардың қатысуымен және биология пәнінің мұғалімі Б. Қ. Баймұратованың жетекшілігімен мектеп ауласына ағаш көшеттері отырғызылды. <https://www.facebook.com/share/p/1W9Z9JWmhe/>  
04 мамыр күні кәмелет жасқа толмаған және жасөспірімдер бойынша аудандық полиция бөлімінің инспекторы Сәден Айтолқынмен 6-11 сынып оқушыларымен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында көлік, мотоциклды басқару бойынша түсіндерме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1RuhiDWbNz/>  
04 мамыр күні Қорғалжын ауданында орналасқан "Агротехникалық колледж" кәсіптік бағдар беру тобы 9 және 11 сынып оқушыларына оқу орны жайлы презентация беріп, ақпараттық үлестірме қағазын таратты. [https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid02BQUUcFN9TjNJB8YckRoYVGkhZPaeMUBLTVnsGTsNyVQ2K7uiNXWzxC2SsSZMXE21l&id=100073010441786](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02BQUUcFN9TjNJB8YckRoYVGkhZPaeMUBLTVnsGTsNyVQ2K7uiNXWzxC2SsSZMXE21l&id=100073010441786)

Тәрбие құндылығының "Талап" бөлімі бойынша мамыр-ынтымақ айына орай 2024 жылдың 06 мамырында мектеп ауласына 9 және 11 сынып оқушылары "Түлектердің ағаш егуі" челленджіне белсене қатысты. Жалпы 10 түп ағаш отырғызылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CUDjkiuk2/>

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биылғы жылы 79 жыл толып отыр. Ұлы жеңіс күніне орай 6 сынып оқушыларымен "Отан үшін от кешкендер" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі Утеулина Айдана Қарлығақызы

<https://www.facebook.com/share/p/1FGGCUowfW/>

"Аналар күніне" орай 5 сыныппен тәрбие сағаттары өткізілді.

Сынып жетекшісі Алиева Гүлжайна Амамбаевна.

<https://www.facebook.com/share/p/1DHUiXBDHn/>

1 сынып оқушылары "Аналар күніне" орай ұйымдастырылған "Аналарыңызға жылы лебізіңізді білдіріңіз" челленджіне қатысты. Сынып жетекшісі Мұстафа Ляззат Габиденовна.

<https://www.facebook.com/share/v/1BEyvC2nCf/>

"Аналар күніне" орай 2 сынып оқушылары "Аналарыңызға жылы лебізіңізді білдіріңіз" челленджіне белсене қатысты. Сынып жетекшісі Сайлаубек Данагүл Қарлығақызы

<https://www.facebook.com/share/v/19k6RrJr62/>

"Аналар күніне" орай ұйымдастырылған сурет көрмесі

<https://www.facebook.com/share/v/1AJhsoeFW1/>

Сағидолла Айару, Мұсабекова Айжан, Сайпауледа Ақнұр, "Үш бақытым" әні: А. Мамырбекова сөзі: М. Мақатаев, Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылының ЖОББМ

<https://www.facebook.com/share/v/19xMНpvoha/>

"Мамыр-ынтымақ айы" айлығына орай 10 мамыр күні 2 сынып оқушылары "Игі істер" акциясына қатысты. Акция барысында мектеп ауласындағы жүйектерге түрлі гүлдер екті. Сынып жетекшісі Сайлаубек Данагүл Қарлығақызы

<https://www.facebook.com/share/p/1EdcSCqLp6/>

Жыл сайын өскелең ұрпақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға жан-жақты дамыту және дайындау, төтенше жағдайларда іс-қимыл дағдыларын алу және жетілдіру мақсатында Қорғалжын ауданының азаматтық қорғау органдары және білім бері бөлімімен бірлесіп аудандық жалпы орта білім беретін мектептерінің "Жас құтқарушы" үйірмелері арасында жарыстар ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың 21 мамырда Қорғалжын ауданының 9 жалпы орта білім беру мектептерінің 9-10 сынып оқушыларымен "Жас құтқарушылар" слеті Қорғалжын ауылы "Дәурен" стадионында өткізілді. Жарысқа Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы «Тұлпар», Қараегін ауылының Ш.Уалиханов атындағы «Бірлік», Қорғалжын ауылының А.Төлеубаев атындағы «АТОМ», Сабынды ауылының Үсенов атындағы «Жас құтқарушы», Жантеке «Қырандар», Арықты «Жас тұлпар», Кенбидайық «Жас ұландар», Амангелді «Бүркіт», Шалқар «Сұнқар» ауылдарының жалпы орта білім беретін мектебінің оқушыларынан құрылған 9 командалар қатысты.

Салтанатты ашылуы Қорғалжын аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығы азаматтық қорғау подполковнигі Арман Сағатұлы Қапышев және аудандық білім беру бөлімінің маманы Орынберген Мусай құттықтау сөздерімен бастады.

Жарыс 7 сайыс түрі бойынша өтті атап айтқанда:

- 1.«Визит карточкасы» байқауы;
  2. «Газет-жарнама қалқаны» байқауы;
  - 3.«Өрт эстафетасы» жарысының түрі;
  - 4.«Алғашқы көмек көрсету» байқауы;
  5. «Техногендік авария аймағындағы авариялық-құтқару жұмыстары» жарысының түрі;
  6. «Табиғи ортадағы іздестіру-құтқару жұмыстары» жарысының түрі;
  - 7.«Су айдынындағы құтқару жұмыстары» жарысының түрі;
- Жарыс қарқынды әрі тартысты өтті. Жарыс қортындысы бойынша мына командалар жүлделі орындарға ие болды атап айтқанда:

1-орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының «Тұлпар» командасы,

2-орын Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас ұландар» командасы,

3-орынды Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің «Қырандар» командасы.

<https://www.facebook.com/share/v/1BCDqeESyH/>

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 4 сынып оқушысы Сағидолла Айару, "Үш бақытым" әні А. Мамырбекова, сөзі М. Мақатаев

@rumcdo\_official <https://www.facebook.com/share/v/1ZiJiWCZtF/>

1924 жылы 25 мамырда дүниеге келген Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы- Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай 2 сынып оқушымен танымдық сағат өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/1CbMqJND5h/>

6 сынып оқушылары 2024 жылдың 24 мамыр күні "Білімім-Отаныма!" тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізді. Сынып сағаты әнұранмен басталып, оқу-ағарту министрлігінің құттықтауымен жалғасты. Сынып жетекшісі: Утеулина А. Қ.

<https://www.facebook.com/share/v/1EH8JDUXpC/>

10сынып оқушылары 2024 жылдың 24 мамыр күні "Білімім-Отаныма!" тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізді. Сынып сағаты әнұранмен басталып, оқу-ағарту министрлігінің құттықтауымен жалғасты. Сынып жетекшісі:Мұстафа **Ляззат**

Ғабиденқызы <https://www.facebook.com/share/v/1CFsQgyhe5/>

2024 жылдың 25 мамырында 11 сынып оқушылары үшін "Мектебім, саған мың алғыс!" тақырыбында дәстүрлі соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.Жиын қонақтары: Қорғалжын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Ашимова Алия Туркешевна, Қорғалжын аудандық білім бөлімінің әдіскері Турсынова Асем Алдабергеновна, Кеңбидайық ауылының әкімі Абишев Амангелді Қырықбайұлы және ата-аналар болды. Ұстаздар мен кеш қонақтары құттықтау сөздерімен, түлектерге деген жылы лебіздерін білдірді. Түлектердің ата-аналар атынан ардақты да, аяулы Рақия әже батасын берді.

"Алтын белгі" үміткері Бейсекеев Нұрасыл "Білім кілтін" келер жылғы түлек, оқу озаты Жақанова Мерейге табыстады. Соңғы қоңырау соғу мәртебесі Бейсекей Нұрасыл мен Сабиева Арунаға берілді. <https://www.facebook.com/share/v/1BCyTXGRSS/>

31 мамыр “Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу” күні қарсаңында тарих пәнінің мұғалімі Г.О. Бейлова 6 және 8 сынып оқушыларымен Ақмол ауылында орналасқан АЛЖИР

мұражайына экскурсияға барды.

<https://www.facebook.com/share/p/19P7yhA9kC/>